

Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1033 қаулысы.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын лицензиар;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын лицензиар;

3) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздігі комитеті тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді өтініш берушінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі бөлігінде келісуді жүзеге асыратын орган;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді өтініш берушінің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі бөлігінде келісуді жүзеге асыратын орган болып айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.09.2021 № 685 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1796 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 8, 179-құжат);

2) "Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1796 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қазандағы № 1066 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 58, 803-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК